

Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерін және субсидиялау нормаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысының әкімдігінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 72/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 желтоқсанда № 3565 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2016 жылғы 30 мамырдағы № 37/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 30.05.2016 № 37/01 (алғашқы ресми жарияланған 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11 223 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоса беріліп отырған:

1) субсидияланатын тыңайтқыштар түрлері осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес;

2) тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

"Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерін және субсидиялау нормаларын белгілеу туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 мамырда № 23/02 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3217 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 маусымдағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 30 мамырдағы № 77 (21 828) "Индустриальная Караганда" және 2015 жылғы 30 мамырдағы № 90-91 (21 976) "Орталық Қазақстан" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

Қарағанды облысы әкімдігінің "Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерін

және субсидиялау нормаларын белгілеу туралы" қаулысы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Н. Әбдібеков/II

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мамытбеков

"18" желтоқсан 2015 жыл

Қарағанды облысы әкімдігінің
2015 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 72/01 қаулысына
1-қосымша

Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері

- р/н Тыңайтқыштардың аттары
№
1. Удобрение азотно-фосфорно-калийное (нитроаммофоска) марки 1:1:1 (15:15:15)
 2. Азофоска (нитроаммофоска) марка NPK (MOP) 16:16:16
 3. VigilaX

Қарағанды облысы әкімдігінің
2015 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 72/01 қаулысына
2-қосымша

Тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары

р/н №	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Тыңайтқыштардың құнын арзандату проценті	С а т ы л ғ а н тыңайтқыштардың субсидиялар нормалары теңге	р / 1 №
1.	Удобрение азотно-фосфорно-калийное (нитроаммофоска) марки 1:1:1 (15:15:15)	тонна	30	28 500	
2.	Азофоска (нитроаммофоска) марка NPK (MOP) 16:16:16	тонна	30	28 500	
3.	VigilaX	литр/ килограмм	30	480	
р / №	/	н			Субси, тыңайт
					У д о б] азотно-

1.	(нитро: :1:1 (15
2.	А з о ф нитроа NPK (M
3.	VigilaX

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК